

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 тамыздағы N 822 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сырдария" бассейндік су шаруашылығы бірлестігі Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының мемлекетаралық су шаруашылығы объектілерін бірлесіп ұстау жөніндегі сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстар мен қызметтерді беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу туралы ш а р т ж а с а с у д ы ;

жасалатын шартты 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 034 "Су берумен байланысы жоқ республикалық су шаруашылығы объектілерін пайдалану" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде қаржыландыруды;

осы қаулыға сәйкес қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланатын қаражаттың оңтайлы және тиімді жұмсалу қағидатын сақтауды; осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы